

Қазақ әдебиеті

Нұсқаулық: Сізге бір дұрыс жауапты тест тапсырмалары беріледі

1. Суреттегі заттар кездесетін көркем шығарма



- A) «Байбөрі баласы Бамсы-Байрақ туралы жыр»
 - B) «Аққулар ұйықтағанда» поэмасы
 - C) «Ұшқан ұя» әңгімесі
 - D) «Бақытсыз Жамал» романы
2. «Байбөрі баласы Бамсы-Байрақ» жырында Тәңірінен перзент сұраған бектер
- A) Баяндүр, Ораз
 - B) Бодақ, Қазылық
 - C) Тоқтарбай, Қарашаш
 - D) Байбөрі, Байбіжан
3. Ақтамберді жыраудың толғауы
- A) «Алаштан байтақ озбаса»
 - B) «Күлдір-күлдір кісінетіп»
 - C) «Шағырмақ бұлт жай тастар»
 - D) «Қоғалы көлдер, қом сулар»
4. Ақтамбердінің бірлікке, татулыққа, жаман әдеттен аулақ болуға шақыратын шығармасы
- A) «Күлдір-күлдір кісінетіп»
 - B) «Сарыжайлау»
 - C) «Балаларыма өсиет»
 - D) «Көк көгершін, көгершін»
5. *Жігіттер, бұл өлеңді жазған мәнім:
Емес қой жастықпенен салған әнім.
Қас қайсы, қаза қайсы, таза қайсы?
Аларсың көп гибрат байқазаның.*
- «Еңлік-Кебек» дастанынан алынған үзінді сәйкес келетін шығарма композициясының бөлімі
- A) Басталуы
 - B) Пролог
 - C) Шешімі
 - D) Эпилог

6. Шәкәрім поэзиясының негізгі арнасы

- A) би өнеріне, музыкаға құмарлық
- B) болыс, билерге еліктеушілік
- C) еңбек, денсаулық мәселесі
- D) ар тазалығы, имандылық

7. Берілген суретке тән нұсқа



- A) М. Әуезов
- B) М. Дулатов
- C) Д. Исабеков
- D) Қ. Жұмаділ

8. « – Ойбай-ау, мына күшіктің әлден тұрып кеткені несі, – деп киіз үйден апам шығады. Әжемді мен «апа» деймін. – Кішкентай ғана құлыным менің, ерте тұрып кеткенің қалай? – деп апам мені қолымнан жетектеп алады...»

Үзінді алынған шығарма және авторы

- A) Міржақып Дулатұлы, «Бақытсыз Жамал»
- B) Бауыржан Момышұлы, «Ұшқан ұя»
- C) Шәкәрім Құдайбердіұлы, «Еңлік-Кебек»
- D) Дулат Исабеков, «Әпке»

9. Қорқыттың нақыл сөздері мен тақырыбының арасындағы сәйкестік

Нақылдар	Тақырыбы
1. Ақылсыз балаға ата дәулетінен қайран жоқ.	A. Тәкаппарлық
2. Күлді қанша үйгенмен, төбе болмас.	B. Ақыл, сана
3. Басқалардан өзін жоғары ұстаған адамға тәңірі бақ үймейді.	C. Шамасына қарау

- A) 1-С, 2-В, 3-А
- B) 1-В, 2-А, 3-В
- C) 1-С, 2-А, 3-В
- D) 1-В, 2-С, 3-А

10. Берілген суретке қатысты шығармалар



- A) Жыраулар поэзиясы
B) Қорқыттың нақыл сөздері
C) Қорқыт жыры
D) Йассауи хикметтері
11. М.Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романындағы оқиғалар реттілігі
1. Сәрсенбайдың болыстыққа түсуі
 2. Жамалдың соңғы хаты
 3. Жамалдың Ғалимен танысуы
- A) 1.3.2
B) 2.3.1
C) 3.2.1
D) 2.1.3
12. Аққулар...
- Аққу мойын, сүмбе қанат,
Алаңсыз тарануда күнге қарап.*
- Үзіндіде қолданылған көркемдегіш құрал
- A) символ
B) аллитерация
C) ассонанс
D) градация
13. Сызбадағы деректерге қатысы бар тұлға



- A) Ясауи
B) Қорқыт
C) Мұрат
D) Шалкиіз

14. «Еңлік-Кебек» дастанындағы оқиғаның өрбу реттілігі
- A) Кебектің балгерге баруы, аңшылыққа шығуы, Еңлікпен танысуы
 - B) Матай еліне ұрын келуі, бақсының қобыз тартуы, Еңліктің төсек салуы
 - C) Еңлік екеуінің қашуы, Матай ауылына келуі, Нысан абыздың болжамы
 - D) Кебектің өлімі, Еңлікпен танысуы, Кебек пен Еңліктің кездесуі
15. Берілген суреттің «Аққулар ұйықтағанда» поэмасының сюжетіне қатысы



- A) Оқиғаның шиеленісуі
- B) Оқиғаның шешімі
- C) Оқиғаның дамуы
- D) Оқиғаның басталуы

Нұсқаулық: *Сізге контекст негізінде тест тапсырмалары беріледі*

Текебайдың бақталасы - Байзақ датқаның баласы Қабылбек деген кісі екен. Бір күндері елу жастағы Қабылбек Текебаймен тіресіп қалады. Сонда Текебайдың отыз жастағы үлкен ұлы Серкебай жанына он жігіт ертіп, Қабылбектің аулына тасырлатып жетіп барған дейді. Қабылбектің қарсы алдына отырып алып, қамшысын жерге шиіріп тастап, ар-намысқа тиетін ауыр сөздер айтып айғайлап отырады. Қабылбек сонда қыбыр етпейті. Ләм деп тіс жармапты. Қабағын да қатпапты. Жаңабай жағы улап-шулап, намыс буып, кек қысып, орындарынан тұра-тұра ұмтыла бастаса, Қабылбек оларға тек қолымен белгі беріп басып тастап отырады. Аталас ағайын-туғаны бұған шыдамай, қаны қайнайды. Қабылбек тырс етпейді. Ақырында атына қарғып мініп, он жігіті жанында, ауылына салып ұрып қайтып келіпті.

Серкебай әкесі Текебайдың алдына барып мақтанып тұрса керек: «Екі аяғын бір етікке тықтым Байзақ әулетінің. Қаһарлы Қабылбектің өзі жұмған аузын аша алмай қалды. Былай деп айттым, былай деп балағаттадым.»

Текебай сонда баласына:

– Ақымақ! - депті.

Серкебай үйден атып шығып, өз отауына барып, екі күн қатарынан нәр татпай, өкпелеп жатып алыпты.

Ал, сайлауға дайындық қыз-қыз қайнап жатса керек. Үшінші күн дегенде Серкебай әкесіне келіп, аяғына жығылады.

– Мені құдай сыйлады. Өзімнен жиырма жас үлкен Қабылбектің бетінен алып, тілім тиді. Ел көзіне қарайтын бет қалмады.

Текебай ат-шапан айыбын дайындап, жанына жиын ертіп, Қабылбектің ордасына өзі барған екен. Жаңабай жағы Текебай қол жиып соғысқалы келе жатыр екен деп қалса керек, өздері де сап түзеп, сақадай сай қарсы шығады. Қабылбектің ордасына ат шаптырым қалғанда Текебай қасына Серкебайды алып, басқалардан оқ бойы озып шығып, әкелі-балалы екеуі Қабылбек жағына келе жатады. Қабылбек те: «Е, мынау соғысатын жерді айт деп келе жатыр ғой», - деп өзі жеке шығып, Текебайға тура тартады.

Сонда Текебай сонадайдан аттан түсіп, Қабылбектің қасына келіп:

– Менің күшігім саған қарап шәуілдесе керек, Қабылбек! Айыбын көтергелі келдім алдыңа. Кешіремісің, сірә! - депті.

Мына сөзден Қабылбектің қабырғасы сөгіліп, қалбалақтап атынан аунап түседі:

– О, текті би Текебай! Сенің балаңның айыбынан менің айыбым асып кетті білем. Аға болсаң да, сені мен аттан түспей тыңдаппын-ау. Сен кешіремісің мені? Бұл әдепсіздігім бүкіл әулетімізге таңба болатын болды ғой, ой әттегене-ай. Ат-шапан айып сенен емес, менен, ақсақал! - деп үстіндегі зерлі шекпенін шешіп Текебайдың иығына жауыпты.

16. Текебайдың бақталасы

- A) Қабылбек
- B) Байзақ
- C) Серкебай
- D) Жаңабай

17. Мәтінде кездесетін салт-дәстүр

- A) Оқ бойы озып шығу
- B) Атынан аунап түсу
- C) Ләм деп тіс жармау
- D) Ат-шапан айыбын беру

18. Мәтін мазмұнынан алшақ ой

- A) Текебай Қабылбектің ордасына соғысуға барады.
- B) Қабылбек зерлі шекпенін Текебайдың иығына жабады.
- C) Серкебай өз қатесін түсініп, әкесінің аяғына жығылады.
- D) Серкебай әкесі Текебайдың алдына барып мақтанады.

19. Серкебайдың қылығына түйінді ой

- A) Ұялған сыбағасынан құр қалар
- B) Тентектік - жұртқа теріс, өзіне дұрыс
- C) Мың жаудан бір жансыз жаман.
- D) Қазаны басқаның қайғысы басқа

20. Серкебайға қатысты іс-әрекет реттілігі

1. Жанына он жігіт ертіп барады.

2. Қабылбекті балағаттайды.

3. Әкесінің аяғына жығылады.

A) 2,1,3

B) 3,2,1

C) 1,2,3

D) 2,3,1